

табылады. Алайда Отандық және Ресейлік әдебиеттерде іскерлік белсенділік категориясы ғылыми түрде тиісті деңгейде талқыланбаған. Дегенмен бұны интегралды іскерлік белсенділік пен ұйымдар мен жекелеген шаруашылық субъектілерінің өзара іскерлік әрекеттерінің мультипликативті нәтижесі деп қарастыруға болады [4].

Ұйымның іскерлік белсенділігін экономикалық қатынастарын субъектілерінің шаруашылық қызметін, макро және микро деңгейде тиімді аудиторлық тексерумен белсенділікті ынталандырылуға, процесс деңгейін ұлғайтуға болады. Бұл бір типті, біріңғай кәсіпорындарды қызметін салыстыру. Алынған нәтижесінде іскерлік белсенділікті сапалық дейгейде бағалауға қол жеткізеді [5].

Іскерлік белсенділікті аудиторлық жұмыс жүргізу арқылы кәсіпорынның айналымдылық көрсеткіштерін арттыруға, шаруашылық қызметті дамытуға, еңбек күшін арттыруға және ресурстарды пайдалы қолдануға әсер етеді. Іскерлік белсенділік материалды, еңбек, қаржылық және басқа да ресурстардың қолданылуын тиімділігін көрсете алса, бір типті, біріңғай кәсіпорындарды салыстыру- потенциалды даму мүмкіндіктері мен басқару сапасын айқын көрсете алады. Іскерлік белсенділікті аудиторлық бағалауға қолға алса, іскерлік циклдың яғни айналымдылық көрсеткіштері сапалық сипаттамасы бірыңғай методологиялық тұрғыдан қаралуы тиіс. Бұл жағдайда қызмет ауқымы ресурстардың тартылу динамикасын көрсете отыра, іскерлік цикл белсенділігінің кезеңі көрсету мүмкіндігін алады [6].

Кәсіпорынның іскерлік белсенділік қызметіне аудиттың келуі нарықтың конъюктурасының шаруашылық қызметі өндірісінің өсуі және контрактілер, тұтыну сұранысының өсуі іскерлік белсенділіктің артқанын көрсетеді. Нәтижесінде нарық сыйымдылығы артып, тауарлар мен қызметтер көлемі өседі.

Әдебиеттер тізімі

1. Крылова Э.И., Власова В.М., Журавкова И.В. Анализ финансовых результатов, рентабельности и себестоимости продукции. –М.: Финансы и статистика, 2005.
2. Бердникова Т.Б. Анализ и диагностика финансово-хозяйственной деятельности. – М.:ИНФРА-М, 2001.
3. Макарьева В.И., Андреева Л.В. Анализ финансово-хозяйственной деятельности. –М.: Финансы и статистика, 2005.
4. Айрапетян Д. Д. Особенности оценки деловой активности в организациях пищевой промышленности // Интернет-журнал «НАУКОВЕДЕНИЕ» Том 9. -№3. - 2017. - С.48
5. Егиян К.А., Погорельская Т.А. Качественные критерии оценки деловой активности предприятия // Журнал Kant. 2012. - №1(4). -С.210.
6. Тимошенко Н.В., Кирпичникова Л.П. Анализ проблем и тенденций развития розничной торговли Краснодарского края // Вестник Института дружбы народов Кавказа Теория экономики и управления народным хозяйством. 2014. -№2(30). - С.16

Жергілікті бюджеттің атқарылуының тиімділік аудитіндегі цифрландырудың рөлі

Аленова А.А.¹, Айтуган Н.М.², Курмангали А.Ж.³ Серикова М.А.⁴

¹ «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы 1 курс магистранты

² «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы 1 курс магистранты

³ «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы 1 курс магистранты

⁴ Мемлекеттік аудит кафедрасының доценті, PhD

aainur071299@mail.ru, nazym.aitugan@mail.ru, Adil.Kurmangali@gmail.com,
madina2281@mail.ru

Түйіндеме: Бюджеттің атқарылуы - бюджеттік үдерістің қорытынды (аяқталу) сатысы. Мұнда бюджеттік қор қалыптасып, пайдаланылады. Негізгі міндеттер - салықтар мен салыққа жатпайтын кірістің толық және уақытылы қаржыландыру. Бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру, оның атқарылуының өзі және бюджеттік қаражатын басқару атқарушы билік органдарына жүктелген. Бұл тақырып өте өзекті, өйткені қазіргі бюджет шығыстары мен кірістерінің тиімді бөлінуі, қаралуы арқылы мемлекеттік саясаттың тиімді жүзеге асуы жүзеге асады. Мақалада Ақтөбе облысы бойынша бюджеттің кірістер мен шығыстар бөлімінің атқарылуына талдау жасалып, талдау нәтижесі арқылы анықталған мәселерді шешу бойынша ұсыныстар көрсетілген.

Түйінді сөздер: тиімділік аудиті, жергілікті бюджеттің атқарылуы, цифрлық трансформация, кірістер мен шығыстар

Қазақстан Республикасы 1991 жылы бұрынғы Кеңес Одағынан тәуелсіздік алғаннан бері бірқатар экономикалық және әкімшілік реформаларды жүргізуде. Қазіргі уақытта Қазақстан мұнай кен орындарының, сондай-ақ экономиканы әртараптандыру мен ырықтандырудың арқасында Орталық Азиядағы ең ірі және қарқынды дамып келе жатқан экономикалық жүйемен сипатталады. Дәстүрлі түрде институционалдық орта жоғары деңгейде орталықтандырылған; елдің стратегиялық даму жоспарлары Қазақстандағы саяси, әкімшілік және құқықтық мәдениетті кезең-кезеңімен жаңғыртуды көздейді.

Әсіресе, мемлекеттік қаржыны басқару жүйесі соңғы жылдары еліміздің стратегиялық даму әлеуетін нығайтуға бағытталған ауқымды реформалардың нысанасы болды. Институционалдық архитектура, оның ішінде стратегиялық бағдарланған Ұлттық экономика министрлігі (ҰЭМ), Қаржы министрлігі (ҚМ), іске асыруға бағытталған және жоғары деңгейде әзірленген Бюджет кодексі бюджетті жоспарлау үшін кәсіби және тиімді негізді қамтамасыз етеді. Қазақстандық құрылымның көптеген аспектілері қазірдің өзінде билік органдары ұстануға міндеттеме алған ЭЫДҰ-ның бюджетті басқару жөніндегі ұсынымдарында баяндалған қағидаттарға негізінен сәйкес келеді.

Қазақстандағы бюджетті басқарудың күрделі мақсаты стратегиялық жоспарлар мен бюджеттік процестер арасында нақты байланыс орнату болып табылады. Сол мақсатта еліміз ең жоғары стратегиялық деңгейде 2050 жылға қарай Қазақстанды әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына қосуды көздейтін 2012 жылы «Қазақстан-2050» Стратегиясы жарияланған. 2014 жылы жарияланған «Нұрлы жол» бағдарламасы ауқымды инфрақұрылымды дамытуға бағытталған; ал 2015 жылы жарияланған «100 нақты қадам» бағдарламасында «баршаға арналған заманауи мемлекетке» қол жеткізуге бағытталған түрлі ұйымдастырушылық бағыттар бойынша бірқатар шаралар белгіленген.

Осы стратегиялық және дамып келе жатқан жағдайда соңғы жылдары бюджетті жоспарлаудың нәтижеге бағдарлануы айтарлықтай жақсарды. «Елдің әлеуметтік-экономикалық даму моделінің» басымдықтары Үкіметпен келісіліп, Ұлттық экономика министрлігімен ұсынылып, әр министрліктің жылдық стратегиялық жоспарында тиісті түрде көрініс табады. Соңғы реформаларға сүйене отырып, бюджеттің орындалу үдерісінде жергілікті бюджеттің айтарлықтай орын алатындығы белгілі [1].

Жергілікті бюджеттер жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қаржылық негізі бола отырып, халықтың әлеуметтік әл-ауқатын арттыруда және экономиканы дамытуда маңызды рөл атқарады. Дегенмен, халықтың өмір сүруінің жоғары деңгейі мен сапасын, тұрақты экономикалық өсуді және әлеуметтік саланы дамытудың жоғары әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету оның бюджетін тиімді басқаруды талап етеді.

Жергілікті бюджеттердің қаржылық ресурстарының шектеулілігі және қоғамның сапалы коммуналдық қызметтерді көрсетуге сұранысының артуы жағдайында жергілікті бюджетті басқарудың тиімділігі өте маңызды. Қазіргі уақытта іс жүзінде жергілікті бюджетті басқарудың тиімділігін бағалау үшін жергілікті аймақтардың кірістерін, шығыстарын және бюджет тапшылығын қаржыландыру көздерін басқарудың жекелеген аспектілерін көрсететін әртүрлі көрсеткіштер қолданылады. Облыстық бюджеттің ерекшеліктерін қарастыру үшін бірнеше жылдық көрсеткіштері салыстырылды.

2018 жыл ішінде Ақтөбенің облыстық бюджеті 5 рет нақтыланып, 22 рет өзгертілді. 2019 жылы облыс бюджеті 8 рет нақтыланып, 27 рет нақтыланды. 2020 жылы облыс бюджеті 7 рет нақтыланып, 36 рет нақтыланды. Жүргізілген нақтылаулар мен түзетулердің нәтижесінде облыстық бюджеттің параметрлері төмендегідей болды (Кесте 1):


Кесте 1

Бюджеттің кіріс бөлігінің құрылымы, 2018 – 2020жж., млн. теңге

Аты	2018	2019	2020
Салықтық түсімдер	38307,4	40247,4	39153,6
Салықтық емес түсімдер	4129,7	5972,7	4409,8
Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	144,7	314,7	272,1
Трансферттер түсімдері	108693,6	149568,7	203898
Кірістер	151275,4	196103,5	247733,5

Ескерту – Кесте дереккөздер негізінде автормен құрастырылған [2] [3] [4]

2018 жылға арналған облыстық бюджет шығындары 136 821 586,0 мың теңге сомасында бекітілді. Енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, жыл ішінде облыстық бюджеттің нақтыланған жоспары 151 545 295,2 мың теңгені және түзетілген жоспар 151 689 849,2 мың теңгені құрады (Сурет 1).




Сурет 1. Бюджеттің шығыс бөлігінің пайыздық көрсеткіші 2018ж., %
Ескерту - Ескерту – Сурет дереккөздер негізінде автормен құрастырылған [2]

2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда шығындар 30%-ға, 2017 жылдан 25,8%-ға өсті. Нақты шығыстар 190 232 935,5 мың теңгені құрады немесе нақтыланған жоспарға 100 %, 2018 жылмен салыстырғанда 38 551 613,6 мың теңгеге өсті. [3]

Нақтыланған бюджеттің 100 пайызы бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға жұмсалды. 2019 жылдың қорытындысы бойынша облыс бюджетінің шығыстары игеруге қарастырылған 217 394 612,7 мың теңгенің 217 312 491,5 мың теңгесі немесе 100 пайызға игерілді.

2020 жылы Облыстық бюджеттің шығыс бөлігі өткен жылы енгізілген нақтылаулар мен түзетулерді есепке алғанда 294 683 312,9 мың теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 17,0%-ға өсті (Сурет 2).



Сурет 2. Бюджеттің шығыс бөлігінің пайыздық көрсеткіші 2020ж., %
Ескерту – Сурет дереккөздер негізінде автормен құрастырылған [4]

Нақты шығыстар 294 619 531,9 мың теңгені құрады немесе нақтыланған жоспарға 100%, 2019 жылмен салыстырғанда 50 227 484,5 мың теңгеге өсті [4].

2018 – 2020 жылдарға арналған облыстық бюджеттің атқарылуын бағалаудың негізінде, сондай-ақ аудиторлық іс-шаралардың нәтижелеріне сүйене отырып, мынадай қорытындылар жасаған жөн:

Есепті кезеңде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы экономиканың оң өсу қарқынының сақталуымен сипатталды (жекелеген көрсеткіштерді қоспағанда), бұл тұтастай алғанда макроэкономикалық тұрақтылық пен орнықты даму үрдісінің сақталуына ықпал етті.

Мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды әлсіз жүзеге асыру нәтижесінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің кәсіпорындардың даму жоспарларын бекітуге және олардың орындалуына формалды көзқарасы байқалады, сонымен қатар квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жеткіліксіз нәтижелі қызметі, қосымша ресурстар бөлу олардың жарғылық капиталына салынған бюджет қаражатының экономикалық және әлеуметтік қайтарымының тиісті деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

Бақылаудың тиімді тетіктерінің болмауы, уәкілетті органдардың өзара іс-қимылының жеткіліксіздігі аумақтарды дамыту бағдарламасының жекелеген нысаналы индикаторларына

қол жеткізбеуге алып келді. Қаржылық тәртіптің деңгейін, бюджеттің жоспарлануы мен орындалуына жауапкершілікті арттыру, түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу, жергілікті атқарушы органдардың қаржылық және рәсімдік бұзушылықтарын барынша азайту мақсатында:

- бюджетті әзірлеу және орындау кезінде салынған бюджет қаражатының экономикалық және әлеуметтік қайтарымының тиісті деңгейін қамтамасыз ету қажеттілігіне бағдарлану;

- өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына барлық қаржылық мүмкіндіктерді тарту үшін бюджеттің шынайылығы мен сабақтастығын қамтамасыз ету;

- салық базасының өзгеруін, алдыңғы кезеңдердің түсуін, жаңа өндірістердің жұмыс істеуін ескере отырып, облыстың кіріс бөлігінің жоспарлы көрсеткіштерін қалыптастыру және нақтылау бойынша мониторинг жүргізу, құрылған шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпорындары, жұмыс орындарын ұлғайту, сондай-ақ салықтық әкімшілендіруді күшейту;

- аумақтарды дамыту бағдарламасының нысаналы индикаторларының орындалмау қатерлерін (себептерін) жан-жақты талдау бойынша шаралар қабылдау, сапасыз орындаудың немесе нысаналы индикаторлардың орындалмауы;

- бюджет процесінің сапасын арттыру мақсатында инвестициялық жобаларды іске асыру және бюджеттік бағдарламаларды орындау кезінде қаржылық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету;

- облыс аудандарының дамуын қамтамасыз ету үшін бюджетаралық қатынастарды жетілдірудің бюджет саясаты тұжырымдамасын іске асыруды орындау жөнінде шаралар қабылдау;

- дебиторлық және кредиторлық берешек көлемін қысқарту бойынша тиімді шешімді қамтамасыз ету;

- кәсіпорындардың жарғылық капиталына салынған бюджет қаражатының экономикалық тиімділігін одан әрі арттыру үшін олардың даму жоспарларының уақтылы, дұрыс бекітілуіне және орындалуына бақылауды күшейту;

- коммуналдық мүлікті басқаруға және оны тиімді пайдалануға мониторинг жүргізу бойынша шаралар қабылдау;

ҚР бюджеттік және басқа да заңнамаларын бұзушылықтардың алдын алу және оларға жол бермеу мақсатында бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының жауапкершілігін арттыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бюджеттік және басқа да заңнамаларын бұзушылықтарды барынша азайтуға бағытталған мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі Бухгалтерлік қызметтер қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлауды ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдау, сондай-ақ бухгалтерлік қызмет саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау мемлекеттік аудит органдарының алдыңғы аудиторлық іс-шараларының тәжірибесі анықталған бұзушылықтарды зерделеу жөніндегі жұмысты жүргізу керек.

Соңғы жылдары ірі бухгалтерлік фирмалар цифрлық деректерді талдауға ірі инвестицияларды жариялады, өйткені олар цифрландыру олардың қазіргі тәжірибелеріне оң әсер етеді деп күтеді. Цифрлық трансформация бірнеше себептерге байланысты болып жатыр. Біріншіден, қазіргі іскерлік орта деректердің үлкен көлемін генерациялайтын технологияларды қамтиды. Екіншіден, деректерді талдау әдістері деректерді жинауға, өңдеуге және талдауға мүмкіндік береді, бұл оны бұрынғыдан да қолжетімді етеді. Үшіншіден, компаниялар цифрлық трансформацияның артықшылықтарын пайдалану үшін бизнес үлгілерін өзгертуде. Аудиттің негізгі мақсаты қаржылық есептілікке сенімділікті қалыптастыру болып табылады. Қойылған мақсатқа жету үшін аудит тиімді және тиімді түрде жүргізілуі керек. Аудиттің өзектілігін сақтау үшін аудиторлық фирмалар тез өзгертін іскерлік орта мен жаңа технологияларға жауап бере алуы керек. Нәтижесінде аудиторлық

кәсіп цифрландыруға бет бұруда. Цифрлық аудит автоматтандырылған деректер аналитикасын, үлкен деректер жүйелерін біріктіруге және дәстүрлі аудиттен шығуға бағытталған. Аудитті цифрландыру, ірі аудиторлық фирмалардың жарияланған ақ құжаттарына сәйкес, аудиторларға технологиялық жетістіктер мен тез өзгеретін бизнес-ортаға ілесуге және сонымен бірге аудит сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Аудиторлық кәсіпті цифрландыруда екі негізгі категория бар: - автоматтандыру, онда жасанды интеллект, кейде машиналық оқыту мүмкіндіктері бар, қазіргі уақытта аудиторлар орындайтын қол жұмысын қабылдайды; - Үлкен деректер - бұл сыртқы және ішкі орта арасында және олардың ішінде жоғары жылдамдықпен берілетін ақпараттық активтердің айтарлықтай әртүрлілігін қамтитын жүйе. Қазіргі уақытта аудиторлар үлкен деректердің аналитикасы арқылы өңделген деректердің шешім қабылдау процестерінде дәл және сенімді екендігіне қатысты жоғары деңгейдегі белгісіздікпен бетпе-бет келіп отыр. Мұндай жағдайларда ADA (аудит деректерінің аналитикасы) үлкен деректер жүйесінде жүзеге асырылуда, өйткені ол үлкен деректер мен аудиторлар арасындағы байланысты қамтамасыз етеді, оларға ақпаратты көрнекі, кестелік және басқа интерпретациялармен қамтамасыз етеді. Аудит деректерінің аналитикасы аудитті жоспарлау немесе жүргізу үшін модельдеу мен визуализацияны пайдалана отырып, үлгілерді ашуға және талдауға, ауытқуларды анықтауға және негізінде жатқан немесе аудит тақырыбына қатысты деректерден басқа пайдалы ақпаратты алуға арналған құрал болып табылады. Цифрлық технология когнитивті және қолмен тапсырмаларды алмастырады деп күтілуде. Демек, болашақта өзекті болып қалу үшін бухгалтерлік фирмалар бизнес мүмкіндіктерін кеңейту үшін цифрландыруға және инновацияларды енгізуге мәжбүр [5].

Әдебиеттер тізімі:

1. Дирекция государственного управления, Бюджетное управление в Казахстане. Дорожная карта для продолжения реформирования процедур управления бюджетным процессом. - Қараша 2018 ж. – Электронды ресурс: <https://www.oecd.org/gov/budgeting/Budgeting-in-Kazakhstan-RUS.pdf>
2. Отчет ревизионной комиссией по Актыубинской области об исполнении областного бюджета Актыубинской области за 2018 год. – Электронды ресурс: <http://aktobeoblmaslihat.kz/2019/obisp/2rus.pdf>
3. Отчет ревизионной комиссий по Актыубинской области об исполнении областного бюджета Актыубинской области за 2019 год. – Электронды ресурс: <https://revkom-aktobe.gov.kz/ru/deyatelnost-komissii/godovye-otchety-ob-ispolzovanii-mestnogo-byudzhet/359-revizionnaya-komissiya-po-aktyubinskoj-oblasti-otchet-revizionnoj-komissij-po-aktyubinskoj-oblasti-ob-ispolnenii-oblastnogo-byudzhet-aktyubinskoj-oblasti-za-2019-god.html>
4. Отчет ревизионной комиссий по Актыубинской области об исполнении областного бюджета Актыубинской области за 2020 год. – Электронды ресурс: <https://revkom-aktobe.gov.kz/ru/deyatelnost-komissii/godovye-otchety-ob-ispolzovanii-mestnogo-byudzhet/811-otchet-revizionnoj-komissij-po-aktyubinskoj-oblasti-ob-ispolnenii-oblastnogo-byudzhet-aktyubinskoj-oblasti-za-2020-god.html>
5. Развитие методики аудита в условиях цифровизации с помощью аналитики аудиторских данных. – Электронды ресурс: <https://moluch.ru/archive/361/80850/>

Аудиторлық тексеру үрдісінде кәсіпорынның қызметін экономикалық талдау

А.Б. Ахметова¹, Г.С. Касымханова², М.Ш. Рамазанова³

¹Бухгалтерлік есеп және аудит кафедрасының оқытушысы, э.ғ.м.,